23311365733

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылы 23 қыркүйек №4712-25-00-2/2356 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы А.Джуматовтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарақия аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Туржанов Сарсемби

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілдері – А.Тимуруұлы, Б.Б.Кумискалиев
жауапкердің өкілі – Д.Ж.Албытов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қарақия аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі біріңғай ұйымдастырушы ретінде «Қарақия аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тапсырыс берушісінің 15 мамыр 2025 жылы сомасы 97 645 906 теңге құрайтын №14746894-1 «Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеті мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары (№15,16,5,6,50)» мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялаған.

Көрсетілген конкурс бойынша өтінімдерді қабылдау 22 мамыр 2025 жылы аяқталған.

Қорытынды хаттаманың негізінде 7 әлеуетті өнім берушіден конкурсқа қатысуға өтінімдер берілген: «Меруерт LTD» ЖШС, «Stroy Capital LTD» ЖШС, «БН Капитал» ЖШС, ЖК «ТУРЖАНОВ С», «Сервис технологического оборудования» ЖШС, «Компания Береке Құрылыс» ЖШС, «Колеса Групп» ЖШС.

Біріңғай ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың 7 қосымшасына сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының 4 тармағына сәйкес 27 материалдық ресурс талап етілді. Оның ішінде катки дорожные(жол роликтері) және краны башенные(мұнара крандары) талап етілген.

ЖК «ТУРЖАНОВ С» әлеуетті өнім берушісі талап етілген материалдық ресурстарды «Dike» ЖШС-мен 3 сәуір 2025 жылы жасасқан арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес каток дорожный LTC 6-D тн/151 және «ПК Шымкентдорстрой» ЖШС-мен 3 сәуір 2025 жылы жасасқан арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес кран башенный КБ-605 ATDX306 жалдағаны туралы шартын техникалық паспорттарымен қоса өтініміне қосып конкурсқа қатысуға жіберген. Конкурстық комиссия мүшелерімен өнім берушінің құжаттамасы конкурстық құжаттамадағы талапқа сәйкес деген шешіммен конкурсқа қатысуға жіберілген.

Алайда, конкурстың қорытындысына басқа өнім беруші «Меруерт LTD» ЖШС-нен 30 мамыр 2025 жылы №259009 шағым келіп түскен. Шағымданушы ЖК «ТУРЖАНОВ С» конкурсқа берген материалдық ресурстары «Dike» ЖШС-мен 3 сәуір 2025 жылы жасасқан арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес каток дорожный LTC 6-D тн/151 және «ПК Шымкентдорстрой» ЖШС-мен 3 сәуір 2025 жылы жасасқан арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес кран башенный КБ-605 ATDX306 жалдағаны туралы шарттары бойынша жалға берушілерден ақпарат алған. Жалға берушілер айтылған №14746894-1 «Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеті мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары (№15,16,5,6,50)» конкурсы бойынша ЖК «ТУРЖАНОВ С» – пен келісім шарт жасалмағаны туралы хабарлаған.

ЖК «ТУРЖАНОВ С» конкурсқа жолдаған өтініміндегі құжаттары қайта қаралынып шағымданушының дәлелі расталған.

ЖК «ТУРЖАНОВ С» жалға берушілер «Dike» ЖШС-мен және «ПК Шымкентдорстрой» ЖШС-мен жасалған келісімшарттарды рұқсатсыз оған сәйкес емес конкурсқа қатысуға қолданған және жалға берушілер бұл келісімшартты осы конкурстың мәнмәтінінде хатты түрде жоққа шығарып отырғанын көрсетіп, талап қоюшы сотқа жүгініп, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 30.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2025, судья Борашева А. А., 06.01.2026
4712-25-3-1/2160

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қоюмен келіспей, қарсы пікір келтіріп, жауапкермен конкурсқа дұрыс құжаттар жолданғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 11-бабының 7-тармағының 3) – тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші және (немесе) тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) мынадай негіздердің бірі бойынша: анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы № 687 бұйрығының (әрі қарай- Бұйрық) 76-тармағы бойынша егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда мұндай талапқа сәйкестік материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен жүзеге асырылады. Материалдық ресурстарды жалға алған жағдайда қосымша жалдау шартының электрондық көшірмесі ұсынылады. Бұл ретте, шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау мерзімінен кем емес. Материалдық ресурстарды жалдау шартының электрондық көшірмесін бірнеше әлеуетті өнім берушілерге бір конкурста ұсынуға жол берілмейді.

Сот отрысында анықталғандай, аталған конкурстық құжаттамаға ЖК «ТУРЖАНОВ С» Бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімін ұсынған, бұл ұсынымында жауапкер конкурстық құжаттамамен танысқанымызды растаймыз және ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары (жеткізілетін тауар (лар), орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы анық мәліметтерді авторлық және сабақтас құқықтардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеміз. Конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының (бірыңғай ұйымдастырушының) лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ конкурсқа қатысушылардың бізге белгілі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы дереу хабардар ету жөнінде өзімізге міндеттеме

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 30.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.12.2025, судья Борашева А. А., 06.01.2026
4712-25-3-1/2160

аламыз. Бұл ретте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзуға әкеп соқтыратын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз деп көрсеткен.

Заңның 3-бабының 1 тармағына сәйкес анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер болып табылады.

Сонымен қатар, Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 8-бабының 4-тармағының 1)тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Алайда, сот отырысында анықталғандай, жауапкер конкурсқа берген материалдық ресурстары «Dike» ЖШС-мен 3 сәуір 2025 жылы жасасқан арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес каток дорожный LTC 6-D тн/151 және «ПК Шымкентдорстрой» ЖШС-мен 3 сәуір 2025 жылы жасасқан арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес кран башенный КБ-605 ATDX306 жалдағаны туралы шарттары бойынша жалға берушілерден ақпарат алған. Жалға берушілер айтылған №14746894-1 «Көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеті мен шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары (№15,16,5,6,50)» конкурсы бойынша ЖК «ТУРЖАНОВ С» келісім шарт жасалмаған.

Демек, ЖК «ТУРЖАНОВ С» жалға берушілер «Dike» ЖШС-мен және «ПК Шымкентдорстрой» ЖШС-мен жасалған келісімшарттарды рұқсатсыз оған сәйкес емес конкурсқа қатысуға қолданған, яғни жауапкер анық емес ақпарат берген.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 30.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2025, судья Борашева А. А., 06.01.2026

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюды сотқа жолдаған.

Демек, талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Сонымен қатар АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қарақия аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талабы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Туржанов Сарсемби мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Туржанов Сарсемби мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404- баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 30.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2025, судья Борашева А. А., 06.01.2026

4712-25-3-1/2160